

Хаттама №1 «20»қыркүйек 2024ж

№15 орта мектептегі қамқоршылық кеңесінің хаттамасы .

Күн тәртібінде :

1.Қамқоршылық кеңесінің құрамының өзгеруіне байланысты жаңа құрамын сайлау .

2.Қамқоршылық кеңесінің жаңа оқу жылына жылдық жоспарын жасақтау.

Қатысқандар :

1.Қамқоршылық кеңесінің төрағасы :Кезбаева Мерует

2.Сәулебай Жұлдыз

3.Бақыт Арман –Мейірім қайырымдылық тобының басшысы

4.Түркменбаева Злиха

Тыңдалды:

Қамқоршылық кеңес төрайымы :Кезбаева Мерует күн тәртібіндегі мәселемен таныстырып өтті .Қамқоршылық кеңесінің құрамының өзгеруіне байланысты биылғы жаңа оқу жылында қайта сайлау керек екендігін айтты.Өзінің осы қамқоршылық кеңес төрағасын бес жылдан бері атқарып келе жатқандығын ендігі кезекте жаңа төраға сайлану керектігін айтылды.Сонымен қатар басқа да мүшелерінің өзгеруіне байланысты толықтырулар енгізілу керек деді.Қамқоршылық кеңесінің құрамы 9 адамнан болатындығын ,үнемі мектеппен байланыста болу қажет екендігі айтылды..

Шығып сөйледі : Кезбаева Мерует мектеп жеке кәсіпкер және осы мектептің ата-анасы Сүлейменов Ерболаттың мектеппен үнемі байланыста болатындығын ,мерекелік шараларда үнемі демеушілік көрсететіндігін айтып ол да қамқоршылық кеңестің мүшесіне ұсынды.

Тыңдалды:Сәулебай Жұлдыз қамқоршылық кеңесінің бұрынғы мүшелері Қонанова Жанар,Джакеев Досым,Нәукебаев Еркінбек ,Сырымов Райымбек ,Қарашбаева Айнаштың қамқоршылық кеңес құрамынан шығуына байланысты басқа мүшелерін сайлау керектігін айтты.

Шығып сөйледі :Түркменбаева Злиха жаңа құрамға үнемі мектеппен байланыста болатын ,мектептің ішкі және сыртқы жағдайларына жанашырлық танытатын азаматтарды ұсыну керек екендігін және қазіргі таңда мектеп инспекторы болып сайланған Халмұрзаев Ержаан,Рахат ауылы әкімінің орынбасары Тағанбаев Қазбекті,мектеп пен үнемі тығыз байланыста болатын ата-аналар Сеңгерова Сырға мен Көшербаева Тәрбияны ұсынды.

Шешім :

1.Қамқоршылық кеңес төрайымына жеке кәсіпкер Кезбаева Мерует сайлансын.

Қамқоршылық кеңес мүшелеріне сайлансын :

2.Халмурзаев Ержан –мектеп инспекторы

3.Сүлейменов Ерболат-жеке кәсіпкер

4.Тағанбаев Қазыбек – «Рахат » ауылы әкімінің орынбасары

5.Түркменбаева Злихан –ата-аналар комитетінің төрайымы

6.Сәулебай Жұлдыз -жеке кәсіпкер

7.Бақыт Арман –Мейірім қайырымдылық тобының басшысы

8.Сеңгерова сырға –ата-ана

9.Көшербаева Тәрбия-ата-ана

2.Қамқоршылық кеңесінің жоспары жасақталсын .

Хатшы:

Кемеева З.С

Қам

Қатысқандар:

- 1.Мектеп директоры – Есбосинов Б.С
2. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – Сугирова А.О.
- 3.Қамқоршылық кеңес мүшелері – 9
4. Хатшы – Кемеева З.С

Барлығы: 12адам

Күн тәртібінде:

- 1.Қамқоршылық кеңесінің жұмысының ұйымдастырылуы,типтік ережелерді зерделеу
- 2.«Қауіпсіз мектеп және бала»
3. «Мектепке жол» қайырымдылық акциясының ұйымдастырылуы.

Бірінші мәселе бойынша: қамқоршылық кеңестің төрайымы Кезбаева Мерует сөйледі. Қамқоршылық кеңестің мақсаты мен міндетін таныстырып, жоспарын талқылап, атқарылған жұмыстармен таныстырды.

Екінші мәселе бойынша: директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сугирова Айгерім сөйледі. «Қауіпсіздік ережесін сақтаймыз» тақырыбында түсіндірме жұмыстары өткізілді. Оқушыларға қауіпсіздік туралы кеңінен түсіндірілді.1-4 оқушылар арасында «Қауіпсіз автобус» тақырыбында сурет байқауы, 5-9 сынып оқушылары арасында «Жолда жүру ережесін білемізбе?» тақырыбында қабырға газеттері өткізілді. 1-11 сынып оқушыларына «Қауіпсіз жол жүрісі» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді. Ата-аналар арасында дөңгелек үстел ұйымдастырылып қауіпсіздік жайлы түсінік жұмыстары жүргізілді. Видеороликтер, презентациялар көрсетілді. Ата-аналарға түнгі уақытта, беймезгіл балаларды көшеге жібермеу керектігі

ескертілді. Соны мен қатар зорлық – зомбылықтың , буллингтің , ерте жүктілік пен аутодеструктивті мінез құлықтың алдын алу бойынша сынып сағаттары, жиналыстар өткізілсін.

Үшінші мәселе бойынша: «Мектепке жол » акциясының ұйымдастырылуы туралы әлеуметтік педагог Кемеева Зина шығып сөйледі. Тамыз айында Рахат ауылы әкімшілігі тарапынан 8 балаға оқу құралдары мен киім кешектерін алып берді. Жалпыға білім беру қорынан 252 бала 50 мыңнан ақшалай көмек алды. Қазіргі таңда мүжілсіз, аз қамтылған , көп балалы отбасынан 228 бала тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілуде.

.

Шешім:

1. Қамқоршылық кеңестің жұмыстары жоспар бойынша атқарылсын;
2. «Қауіпсіз мектеп және бала» оқушылардың қауіпсіздігін ата-аналармен байланыс жасай отырып, нығайту. Зорлық пен буллингтің , ерте жүктілік пен өзіне қол сұғушылық бойынша жұмыстарды одан әрі жалғастыру жолға қойылсын .
3. Өлсіз топтағы отбасы балаларына дер кезінде қолдау көрсетілсін.

Хатшы : Кемеева З.С .

Маңғыстау облысының білім басқармасының
Жаңаөзен қаласы бойынша білім бөлімі КММ
№15ЖББМ әкімшілігінен

2024/2025 оқу жылында Қамқоршылық кеңес құрамының толықтырылуына және өзгеруіне байланысты төмендегі тізімдегі мүшелерді қайта бекітіп беруіңізді сұраймыз.

- 1.Кезбаева Мерует қамқоршылық кеңесінің төрайымы
- 2.Түркменбаева Злиха -ата-аналар комитетінің төрайымы
- 3.Халмурзаев Ержан -мектеп инспекторы
- 4.Сүлейменов Ерболат –жеке кәсіпкер
- 5.Тағанбаев Қазыбек Аманжолович- «Рахат» ауылы әкімінің орынбасары
- 6.Сәулебай Жұлдыз -жеке кәсіпкер
- 7.Бақыт Арман –Мейірім қайырымдылық тобының басшысы
- 8.Сеңгерова Сырға -ата-ана
- 9.Көшербаева Тәрбия -ата-ана

Мектеп директоры

Есбосинов Б.С.